



www. semeytany.kz

SEMEI tany

№ 15 (19641)
8 ақпан, 2025 жыл



https://www.youtube.com/@semeitany

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 180 ЖЫЛ

БІР КҮНДІК ЕМЕС, МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТАҚЫРЫП



Жадыра ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
«Semei tany»

Салтанатты жиынның шымылдығы «Бибігүл» қазақ ұлт аспаптар оркестрінің орындауындағы ақынның «Торжорға» күйімен ашылды. Осыдан соң қала әкімі Талғат Мұратов сахна төріне көтеріліп, құттықтау сөз сөйледі.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойын лайықты түрде атап өтуді тапсырды. Бұл – ақынның ғана емес, бүкіл халқымыздың рухани құндылықтарын дәріптеуге бағытталған маңызды бастама. Биыл хакімнің мұрасын насихаттауға, жастарды ойшылдың идеяларымен тәрбиелеуге, еңбектерін заманауи тұрғыда зерделеуге көп көңіл бөлінеді. Семей қаласында мәдениет, өнер, білім, спорт және басқа да са-

Абай театрында халқымыздың біртуар перзенті, ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына арналған салтанатты кеш өтті. Мерекелік шараға өңір басшысы Нұрлан Ұранхаев, қала әкімі Талғат Мұратов, облыстық мәслихат төрағасы Шалқар Байбеков, зиялы қауым өкілдері және студенттер мен қала тұрғындары қатысты.

лаларда 180-ге жуық іс-шара өтеді. Халқымыздың біртуар тұлғасы Абай Құнанбайұлының мұрасы әр қазақтың жүрегінде мәңгі сақталады, ал бүгінгі шара - ақынның өнегелі өмірі мен шығармашылығына деген құрметіміздің белгісі,- деді қала әкімі Талғат Мұратов.

Концерттік бағдарлама барысында ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Ерлан Рысқали, Жұпар Ғабдуллин, Азамат Жылтырқозов, Айбек Бекбосынов, «Құрмет» орденінің иегері Клара Төленбаева, ҚР мәдениет саласының үздігі Гүлдана Ноғайбаева және жергілікті өнерпаздар ұлы ақынның әндерін шырқап, Семей жұртшылығын әсем әуенмен тербеді.

Ақын мерейтойы аясындағы іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек. Өйткені Абай – бір күндік емес, мың жылдық тақырып.

ӘЛЕУМЕТ

Елімізде көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға АЕК тағайындау туралы шешім қабылдайтын учаскелік комиссиялардың қызметі цифрландырылады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Абай облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Еркін Құдайбергеновтің қатысуымен өткен баспасөз мәслихатында айтылды.



Жадыра ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
«Semei tany»

Айта кетейік, жәрдемақы тағайындау кезінде учаскелік комиссиялар отбасының материалдық жағдайына тексеру жүргізіп, көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады. Бұған дейін бұл зерттеу қағаз түрінде жүргізіліп келген екен.

Учаскелік комиссиялар тексеру жүргізу кезінде FSM Social мобильдік қосымшасы іске қосылды. Бүгінде мобильді қосымша барлық өңірде апробациядан өткізілуде. Қосымшаның ерекшелігі - өтініш берушінің нақты географиялық орнын анықтап, жедел шешім қабылдауға және қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу жүргізу және шешім шығару кезінде формальды тәсілдерден аулақ болуға жол ашады. Бүгінгі күні облысымызда 146 учаскелік комиссия (815 адам) отбасылардың мұқтаждығын анықтау бойынша жұмыс жүргізуде,- деді басқарма өкілі.

2024 жылғы 7 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды. Бұл тапсырма аясында Еңбек министрлігімен Әлеуметтік кодекске түзетулер әзірленуде. Жәрдемақыны тағайындау кезінде қажеттілікті анықтау өлшемшарттарына бірқатар өзгерістер енгізу қарастырылуда. Спикер атап өткендей, енді АӘК 12 айға емес, тек тоқсанға тағайындалады.

Әлеуметтік кодекске сәйкес, 2025 жылдан бастап АӘК тағайындау үшін кедейлік шегі халықтың медиандық кірісіне қарай белгіленеді. Бұл шек өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен болмайды. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында Абай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейі 51 492 теңге, ал АӘК тағайындау үшін кедейлік шегі 36 044 теңге болып белгіленді. Сонымен қатар енді АӘК отбасының жан басына шаққандағы орташа кірісі мен кедейлік шегінің мөлшері арасындағы айырмашылық ретінде төленеді. Еңбекке жарамсыз азаматтары бар отбасыларға шартсыз көмек, ал шартты ақшалай көмек отбасы құрамында кемінде бір еңбекке қабілетті мүшесі жұмысқа орналасқан жағдайда беріледі. Бұдан бөлек, 1 жасан 6 жасқа дейінгі әр балаға 1,5 айлық есептік көрсеткіш (5 898 теңге) мөлшерінде қосымша төлем қарастырылған,- деді Еркін Құдайбергенов.

Биылғы жылдың 11 қаңтарынан бастап атаулы әлеуметтік көмекке (АӘК) үміткер азаматтардың шығыстарын есепке алу тетігін сынақтан өткізу басталған. Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының ақпараттына сәйкес, пилоттық жобаға қатысу үшін өтініш беруші алдымен уәкілетті органға жүгініп, өз келісімін білдіруі тиіс. Осыдан соң оның отбасының жалғыз көмекке толған мүшелеріне 1414 нөмірінен SMS-хабарлама жіберіледі, оған бір жұмыс күні ішінде жауап қайтару қажет. Жоба осы жылдың қараша айына дейін жалғаспақ.

ӨЗЕКТІ

ТАСҚЫННЫҢ АЛДЫН АЛУ ЕРЕКШЕ НАЗАРДА



Абай облысы әкімінің орынбасары Димитрий Гариговтің төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі облыстық комиссияның кезектен тыс отырысы өтті.

Жиында көктемгі су тасқынына дайындық, гидротехникалық құрылымдардың жай-күйі және мал қорымдарын тексеру мәселелері қаралды. Жауапты мекемелерге қарды уақытында шығару, арықтар мен каналдарды тазарту, су өткізу нысандарына тұрақты мониторинг жүргізумен қатар, мал қорымдарын тексеріп, нәтижелері бойынша акт жасау тапсырылды.

Сонымен қатар арнайы топ құрылып, жергілікті атқарушы органдардың 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындығын тексеру міндеттелді. Берілген тапсырмалардың орындалу мерзімі де белгіленді.

«СТ» - ақпарат

ІШКІ ТУРИЗМ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Бесқарағай ауданының әкімі Нұрбек Қошқарбаев бастаған делегация мүшелері Павлодар облысының Аққулы ауданына жұмыс сапарымен барып қайтты. Сапар барысында Аққулы ауданының әкімі Руслан Мұқановпен кездесіп, екі аудан арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады.

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tany»

Кездесу барысында Бесқарағай ауданының інжу-маржаны саналатын Шошқалы көлінің инфрақұрылымын жетілдіру және дамыту мәселелері бойынша келіссөздер жүргізілді. Аққулы ауданының Төсегаш ауылынан Шошқалы көліне электр желісі мен су құбырын тарту жұмыстары талқыланды. Бұл табиғи ресурстардың мүмкіндіктерін тиімді пайдаланудың маңызы зор.

Кездесу барысында көршілес аудандар арасында мәдени-спорт және ауыл шаруашылығы саласында ынтымақтастық орнату жайы да талқыланды. Аталған келіссөздер ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етері сөзсіз. Делегация мүшелері ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін қарастырып, екі ауданның арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайту мәселелерін де сөз етті.

Айта кетсек, Бесқарағай – туристік әлеуеті жоғары аудан. Шошқалы көлі – Бесқарағай ауданының батыс бөлігінде, Павлодар аумағымен шектес, Омбы-Майқапшағай жолынан 11 шақырым қашықтықта орналасқан. Емдік қасиеті ғылыми тұрғыда дәлелденген

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ АЯСЫНДА

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев болашақта Қазақстан Еуразия құрлығының маңызды көлік хабарына айналуы тиіс екенін атап өтті. Осыған байланысты ол темір жол инфрақұрылымын дамытуды жалғастыру және отандық машина жасау саласын жаңғырту қажеттігін айтты.



Абай облысының темір жол желісі даму үстінде әрі өңір іші мен одан тыс жерлерде де ыңғайлы көлік қатынасын қамтамасыз етуде. Бүгінгі таңда облыстың Семей, Жаңасемей, Аягөз, Шар, Жаңғызтөбе, Үшбілік, Жарма, Ауыл, Белағаш және Таңсық сияқты елді мекендерінде орналасқан 10 вокзал жұмыс істейді.

2023 жылы көлік қызметтерінің қолжетімділігін арттыру үшін әлеуметтік маңызы бар екі жаңа бағыт іске қосылды. Бір вагонды Семей – Шар бағыты аптасына алты рет қатынайды. Билет құны 557 теңге. Ал екінші вагонмен Ақтоғай – Аягөз арасына аптасына бес рет жөнелтіледі. Жол ақысы 650 теңге. Бұдан бөлек, туристік бағытқа да ерекше назар аударылады. Жыл сайын жаз маусымында 731 шақырым болатын Семей – Жалаңашкөл бағыты бойынша пойыз жүреді. Маңыздысы - бұл үш бағыт та субсидияланатын санатқа жатады.

2024 жылдың негізгі жобаларының бірі Семей, Аягөз қалалары мен Ақтоғай кентіндегі темір жол вокзалдарын қайта жаңғыртуға дайындық болды. Бірі «Қазақстан темір жолы» ҰК, Абай облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы және «ТехСтройПроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге ниетті Меморандумға қол қойылды. Жобаны биыл іске асыру жоспарлануда.

Абай облысының темір жолы ішкі бағыттарды ғана емес, облысаралық және халықаралық бағыттарды да қамтиды. Қазіргі уақытта Семей - Қызылорда, Павлодар - Алматы, Семей - Маңғыстау, Өскемен - Астана, Өскемен - Алматы, Семей - Алматы, Семей - Астана және Семей - Қарағанды бағыттары бойынша 8 жұп жолаушылар пойызы қатынайды. Сонымен қатар Новосибирск - Бішкек бағыты бойынша халықаралық пойызы транзитпен облыс арқылы өтеді. Бұл Қазақстанның көрші елдермен көлік байланысын нығайтады, - дейді облыс әкімінің орынбасары Димитрий Гаригов.

Өңірдің маңызды инфрақұрылымдық жобасының бірі Бақты - Аягөз аралығындағы Қазақстан - Қытай үшінші шекаралық темір жол өткелінің құрылысы болды. Мемлекет басшысының Жолдауы аясында басталған бұл жоба көлік инфрақұрылымын жақсартуға және халықаралық сауда дәлізін кеңейтуге бағытталған. Жобаны іске асыру үшін Абай облысының өкімдігі ауданы 10 506,3 гектар жер учаскесін резервке қойды. Оның 5 911,7 гектары мемлекеттік меншікте болса, 4 594,6 гектар жеке меншік иелеріне тиесілі. Жер Аягөз, Ұржар, Мақаншы аудандарының өкімшілік шекараларында 5 жыл мерзімге сақталады.

Жергілікті тұрғындар үшін жұмыс орындарын ашуға ерекше көңіл бөлінетін болады. Құрылыстың бастапқы кезеңінде жергілікті тұрғындар арасынан жұмыс күшін тарту жоспарлануда. Ал жобаны пайдалану кезеңінде түрлі кәсіп мамандары үшін 1800-ге жуық жұмыс орны құрылатын болады. Нысандарды 2027 жылы пайдалануға беру күтілуде.

Абай облысы өкімдігінің баспасөз қызметі

5 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕР ҚАЙТАРЫЛДЫ

Абай облысында бос жатқан ауыл шаруашылығы жерлері мемлекет меншігіне қайтарылуда.

Биыл облыс бойынша 170 мың гектар жерді мемлекет меншігіне қайтару жоспарланса, бүгінгі таңда оның 4959,2 гектары (21 жер учаскесі) қайтарылған. 4959,2 гектардың 4694,8 гектары - жайылым, ал 264,4 гектары - басқа да пайдаланылмайтын жерлер.

Қайтарылған жерлердің негізгі көлемі Ақсуат ауданына (13 учаске - 3915 гектар), Бесқарағай ауданына (3 учаске - 304,2 гектар) және Жарма ауданына (5 учаске - 740 гектар) тиесілі.

Ал өткен жылы мемлекет меншігіне қайтаруға жоспарланған 110 мың гектар жердің орнына 121,1 мың гектар (256 учаске) қайтарылды, жоспар 110 пайызға орындалған. Оның ішінде 114,8 мың гектар - жайылым, 4,5 мың гектар - тыңайған егістік жерлер, 1,8 мың гектар - басқа да пайдаланылмайтын жерлер.

Қазіргі уақытта жер ресурстарын басқару департаментіне мемлекеттік меншікке қайтару үшін жалпы ауданы 644,1 мың гектар болатын 114 учаске бойынша деректер жіберілген. Мәселен, 2022-2024 жылдар аралығында қайтарылған 107,9 мың гектар жер ауыл шаруашылығы айналымына берілді.

«СТ» - ақпарат



бұл көлге жыл сайын алыс-жақын шет елдерден де демалушылар келеді. Дегенмен туристік әлеуетті арттыру үшін көл жағалауында емдік-сауықтыру жобаларын іске асырудың маңызы зор.

АҚСУАТ

АУЫЛДЫ ДАМУЫТҮ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Аудан әкімі Еркін Кәдірбекұлы Қызылкесік ауылдық округіне жұмыс сапарымен барды. Аудан әкімінің орынбасары А.Аққазин, аудандық мәслихат төрағасы Ж.Оразғалиев, «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Т.Көнекбаев, бөлім, мекеме басшылары, ауыл әкімдері аудан басшысымен бірге жүрді.



Аудан әкімі округ орталығы Қызылкесік ауылында кеңейтілген аппарат отырысын өткізді. Жиынға аудандық мәслихат төрағасы, аудан әкімінің орынбасары, «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы, бөлім, мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері және БАҚ өкілдері қатысты.

Аппарат отырысында экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ж.Бекбаевтың ауданның 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2025 жылға арналған жоспары туралы баяндамасы тыңдалды. Жиынға арқау болған келесі мәселе - көктемгі ықтимал су тасқынына дайындық, су тасу қаупі бар аймақтарда жүргізіліп жатқан алдын алу шаралары

жайында Ақсуат ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы М.Иманқажы мен аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің бас маманы Т.Рахымжанов хабарлама жасады. Осыдан соң Қызылкесік ауылдық округінде өткен жылы әр салада атқарылған жұмыстар туралы округ әкімі Ө.Мәзенов есеп берді.

Жиынды қорытындылай келе аудан әкімі межеленген көрсеткіштер орындалуы тиістігін ескертіп, көктемгі су тасқынына дайындық мәселесіне қатысты бірқатар қосымша тапсырмалар берді. Округ әкімдеріне, бюджет есебінен жүзеге асатын жобалардан бөлек, ауылға жекеменшік инвестиция тарту мәселесіне терең ден қойып, белсенді жұмыс жүргізуді тапсырды.

Жиыннан соң аудан әкімі Еркін Кәдірбекұлы жергілікті бюджет есебінен салынған мал тоғыту алаңын, былтыр салынып, қолданысқа берілген балалар ойын алаңын көрді. Ауылдағы Би Боранбай орта мектебіне де барды. Аудан басшысы мен аппарат мәжілісіне қатысушылар мектеп мұражайында болып, Қызылкесік ауылының бай мәдениеті мен тарихи тұлғаларын, күндіз жәдігерлерін топтастырған ерекше көрмені тамашалады.

Аудан басшысының жұмыс сапары Қызылкесік округіне қарайтын Үштөбе ауылында жалғасты. Мұнда аудан басшысы жаңадан бой көтерген дөрігерлік амбулаторияны ара-



лап көрді.

Еске сала кетсек, Ақсуат ауданында заман талабына сай 9 медициналық нысанның құрылысы жүріп жатыр. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Үштөбе және Екпін ауылдарында дөрігерлік амбулатория, Кіндікті ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт, Аққала, Қызылжұлдыз, Көктүбек, Сұлутал, Айнабастау, Қожақкелді елді мекендерінде медициналық пункт салынууда.

Осы күні аудан әкімі Еркін Кәдірбекұлы Үштөбе ауылының тұрғындарымен есепті кездесу өткізді. Оған Қызылкесік ауылдық округінің әкімі Ө.Мәзенов, «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Т.Көнекбаев, бөлім, мекеме басшылары қатысты.

Еркін Кәдірбекұлы кездесудегі сөзінде Қызылкесік ауылдық округінде, соның ішінде Үштөбе ауылында биылғы жылы нақты іске асырылатын жұмыстарға тоқталды. Аудан басшысының айтуынша, Үштөбе ауылының көшелерін жарықтандыруға 6 млн теңге, Өкпегі орта мектебін ағымдағы жөндеуден өткізуге 5 млн 760 мың теңге және интернет мәселесін түбегейлі шешу үшін антенна-дінгек құрылысын салуға 177 млн 962 мың теңге бөлініп отыр.

Ауылда былтыр балалар ойын алаңы салынып, қолданысқа берілсе, көп көшікпей дөрігерлік амбулатория да ел игілігіне пайдалануға берілетін болады.

Кездесуде тұрғындар көкейдегі сұрақтарын қойып, ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Оған аудан әкімі барлық сауалдарға жауап беріп, бірқатар мәселелер мен ұсыныстарды қарастыру үшін өз бақылауына алатынын айтты.

Өз тілшіміз

КӨКПЕКТІ

Мемлекет үшін бала құқықтарының қорғалуы – басты басымдықтардың бірі. Елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, балалардың құқықтарын қорғау және оларға қажетті жағдай жасау бағытында ауқымды заңнамалық және стратегиялық шаралар қабылданып, жүзеге асырылуда.

ӘР БАЛА МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫҒЫНДА

**Жадыра ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
«Semei tañu»**

Соңғы жылдары балалардың құқықтарын қорғау мақсатында бірнеше маңызды қадам жасалды. Атап айтқанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өмірге бейімделуіне мүмкіндік беретін тәлімгерлер институты құрылды. Балалардың қауіпсіздігін арттыру мақсатында 2025 жылдан бастап аудан мектептерінде QR-кодтар енгізілді. Бұл QR-кодтар арқылы балалар республикалық бірінші «111» байланыс орталығына жедел хабарласа алады. Балалардың құқықтары жөніндегі арнайы уәкілдердің жұмысы да күшейтілді. Қорғаншылық органдарының қызметі жүйеленіп, штаттық норматив бекітілді.

- Ауданымызда бүгінгі таңда жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 20 бала отбасында тәрбиеленіп жатыр. 2025



жылдан бастап елімізде балаларды отбасында өсірудің жаңа түрі - кәсіби қабылдаушы отбасылардың жұмысы басталды. Бұл бастама қиын жағдайға тап болған балаларға қамқорлық жасап, оларды үй жағдайында тәрбиелеуге бағытталған маңызды қадам болмақ. Ауданымызда білім беру саласында да көптеген жетістіктер бар. 2024-2025 оқу жылында 683 бала мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылды. Білім беру мекемелерінің қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлініп, 18 нысан бейнебақылау жүйелерімен жабдықталып, Жедел басқару орталықтарына қосылды. Барлық мектептер

де дабыл түймелері мен турниктер орнатылып, 1 мектеп лицензияланған күзетпен қамтамасыз етілді, - дейді Көкпекті ауданы әкімінің орынбасары Мақсат Сүйесинов.

Ауданда 913 оқушы тегін тамақпен, 631 бала мектепке қажетті құралдармен қамтамасыз етілді. «Жалпыға міндетті білім беру» қорының есебінен бұл мақсаттарға 194,1 млн теңге бөлінді. Сонымен қатар 1050 бала қосымша білім беру курстарына, үйірмелер мен секцияларға қатысып, шығармашылықтарын дамытуда.

- Балалардың құқықтарын қорғау және оқушылар арасында достық қарым-қатынас орнату мақсатында Kiya және ДОСБОЛLike бағдарламалары енгізілді. Буллингке қарсы бұл жобалар оқушылар арасында сыйластық пен ынтымақтастықты нығайтуға көмектеседі. Бұған қоса, барлық білім беру мекемелерінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әзір-

ленген жеке қауіпсіздік сабақтары өткізілуде. Отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту үшін «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарлама позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастырып, баланың жан-жақты дамуына ықпал етуді мақсат етеді, - деді Мақсат Сүйесинов.

Балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарының қорғалуы – болашақтың іргетасы. Бүгінгі ұрпаққа қамқорлық жасау арқылы біз қауіпсіз қоғам құрамыз. Бұл – әр баланың жарқын болашағы үшін жасалған маңызды қадам.

БОРОДУЛИХА

Елімізде әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы керек. Бұл - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы. Сонымен қатар ауыл мектептерінің әлеуетін арттыруға да баса назар аударылуы тиіс.

ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ



**Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ,
«Semei tañu»**

Президенттің осы тапсырмасына орай, Бородулиха ауданында білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, жөндеу және жаңғырту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде. Аудан әкімдігі ұсынған мәліметке сүйенсек, былтыр «Қазақстан халқына» қоры мен Назарбаев Зияткерлік мектептерінің серіктестігі аясында 247,6 млн теңге бөлініп, Әлихан Бөкейхан атындағы қазақ орта мектебінің 33 кабинеті жабдықталыпты.

Өткен жылы сондай-ақ Мухай-личенково, Краснополье, Песчанка, Успенка және Ы.Алтынсарин атындағы мектептерге заманауи үлгідегі физика, химия және биология кабинеттері сатып алынған. Ал 2023 жылы Новопокровка орта мектебі 105 млн теңге қаржыға күрделі жөндеуден өткізілді.

Аудан мектептерінде оқушылардың сапалы білім алуы үшін білім беру үдерісіне жаңа технологиялар белсенді түрде енгізілуде. 23 мектепке Starlink спутниктік желісі орнатылса, 16 мектепте жүйе жұмыс істеп, орташа жылдамдық 100 Мб/с жетті. Ал 8 мектепке оптикалық-талшықты байланыс желісі тартылып, 30 Мб/с жылдамдықтағы интернетке қосылған.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық мектептер бейнебақылау жүйелерімен жабдықталған, камералар аудандық полиция бөлімінің кезекші бөліміне қосылған. Сондай-ақ ішкі істер органдарымен бірлесіп жол белгілері орнатылып, оқушылар мен ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Ел көлеңгесі бәсекеге қабілетті жастардың қолында десек, өскелең ұрпаққа, сапалы біліммен қатар, өнегелі тәрбие беру, жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау аса маңызды. Бұл ретте аудан

мектептерінде оқушылардың шығармашылық, спорттық әлеуетін дамыту мақсатында әр түрлі бағыттағы 98 үйірме, 114 спорт секциясы жұмыс істейді. 2644 бала үйірмелерге, 2411 оқушы спорт секцияларына қатысады.

Аудандық шығармашылық үйінде «ВИА», хореография, тігін студиясы, шахмат, аэробика және көркемөнер бағыттары бойынша 12 үйірме ұйымдастырылған. Бұл үйірмелерге 370 бала қатысады. Ал Жезкент балалар музыка мектебінде 103 оқушы білім алуда. Жалпы, ауданда бүгінгі таңда балалардың 88,8 пайызы қосымша білім берумен қамтылған. Дегенмен көркемсурет мектебі, арт-студия, колерен, аспаздық, фотосурет, бағдарламалау және робототехника үйірмелерін жандандыру қажеттілігі туындап отыр.

- Ауданда қосымша білім беруді дамыту – балалардың жан-жақты дамуына ғана емес, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың азаюына да әсер ететін маңызды фактор. Алайда жаңа үйірмелер мен секциялар ашу үшін ғимарат қажет, осы мәселе өзекті болып қалууда, – дейді Бородулиха ауданы әкімінің орынбасары Қайрат Сапаров.

Аудан әкімі орынбасарының айтуынша, биыл балаларға жайлы жағдай жасау мақсатында бірнеше жоба жүзеге асырылмақ. Шалғай ауылдардан келіп оқитын оқушыларды сапалы біліммен қамту үшін Михайличенково ауылындағы Михайличенково орта мектебі жанынан тәулік бойы тұратын интернат ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар балалардың демалысын тиімді ұйымдастыру үшін Уба-Форпост орта мектебі базасында оқушылар лагерін ашу көзделген.

Ауданда оқушыларға сапалы білім беру, жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасау бағытындағы жұмыстар жалғасын таба бермек.

ЖАҢАСЕМЕЙ

КӨМІР ТҮСІРІП БЕРДІ

Жаңасемей ауданында мұқтаж отбасыларға қайырымдылық көмек көрсетілді. Атап айтқанда аудан әкімі Алмас Тастенбековтің бастама-сымен аз қамтылған және көп балалы отбасыларға тегін көмір берілді.

Жаңасемей ауданында әлеуметтік қолдауды күшейту мақсатында қайырымдылық іс-шарасы ұйымдастырылып, аз қамтылған және көп балалы отбасыларға қысқы маусымға қажетті көмір жеткізілді. Аудан әкімі Алмас Тастенбековтің бастамасымен жүзеге асқан бұл игі іске «Өлем Строй Аспект» ЖШС демеушілік жасады.

Аудан басшысы қайырымдылық шараларының маңыздылығына тоқталып, жергілікті кәсіпкерлер мен еріктілерді аталған акцияға белсенді қатысуға шақырды.

- Қайырымдылық – адамгершіліктің белгісі. Осындай қыс мезгілінде көмекке мұқтаж жандарды қолдау – біздің азаматтық парызымыз. Азаматтардың жағдайын түбегейлі өзгерту мүмкін емес, бірақ осындай кезде қол ұшын беру – ортақ міндет. Жаңасемей ауданында игі бастама қолға алынды. Кәсіпкерлер мен еріктілерді осындай шараларға атсалысуға шақырамын, – деді Алмас Тастенбеков.

Іс-шара аясында Шақаман ауылындағы екі отбасыға, Озерки ауылында екі көп балалы отбасыға көмір жеткізіліп, ауыл жастары мен еріктілер қатты отынды түсіруге жәрдемдесті.

Көмек алған көп балалы аналар мен әлеуметтік аз қамтылған отбасылар аудан әкімдігіне, кәсіпкерлерге және жанашыр азаматтарға алғыстарын білдірді.

- Қыс кезінде көмір өте қажет. Бұл - біз үшін үлкен қолдау, қайырымды жандарға алғыс айтамын, - деп Озерки ауылының тұрғыны, бес баланың анасы Айсулу Жангирханова көрсетілген көмекке ризашылығын білдірді.

Қайырымдылық шаралары алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

«ST» - ақпарат



ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ НАЗАРДА



Бұл ретте әлеуметтік нысандарды бейімдеудің маңызы зор. Бүгінде әлеуметтік нысандарды бейімдеу жұмыстары барлық өңірлерде жүргізілуде. Өткен аптада Жаңасемей ауданы әкімдігінде аудан әкімі Алмас Тастенбековтің төрағалығымен өткен кеңейтілген отырыста осы мәселе, яғни мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін әлеуметтік нысандарды бейімдеу жұмыстарының барысы талқыланды.

Жиында сөз алған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағ-

Елімізде мүгедектігі бар адамдардың қоғамнан тыс қалмауына, олардың өмір сүру сапасын жақсартуға баса назар аударылады. Мүмкіндігі шектеулі жандардың тұрмыс деңгейінің жақсаруына әсер ететін негізгі фактор – қоғамда қолайлы орта қалыптастыру.

дарламалар бөлімінің басшысы Г.Сыздыханованың айтуынша, өткен жылы Жаңасемей ауданында 663 жаңа жұмыс орны ашылып, жоспар толық орындалған. Оның ішінде 215 тұрақты, 448 уақытша жұмыс орны құрылыпты. Сондай-ақ 7 отбасыға (5 көп балалы отбасыға, 2 мүмкіндігі шектеулі жанға) қайтарымсыз грант берілген.

- Мүгедектігі бар азаматтар үшін қолайлы орта қалыптастыру, яғни әлеуметтік нысандар мен инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында өткен жылы 4 әлеуметтік нысан бейімделді. Оның ішінде Шүлбі кенті әкімдігінің ғимараты да бар. Ал қалған нысандарды бейімдеу биылғы жылға жоспарланған. Сонымен қатар өткен жылы 95 адамға үйде әлеуметтік қызмет көрсетіл-

ді, – деді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Г.Сыздыханова.

Аудан әкімі нысандарды бейімдеуді қатаң бақылауға алу қажеттігін атап өтіп, аталған бөлім басшысы мен ауылдық округ әкімдеріне жұмыстарды күшейтуді жеткізді.

- Қай бағытта болмасын, жұмыс нәтижелі болуы тиіс. Әрбір нысан «Қолжетімді орта» бағдарламасына сай бейімделуі керек. Әсіресе әлеуметтік маңызы бар ғимараттарға ерекше көңіл бөлген жөн. Ұсыныстарыңыз болса, біз қолдауға дайынбыз, – деді жиынды қорытындылай келе аудан басшысы Алмас Тастенбеков.

Жаңасемей ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

ТҮЛЕКТЕРІ СҰРАНЫСҚА ИЕ

Облысымыздағы жастарға кәсіптің сырын меңгертіп, болашаққа бағыт сілтейтін оқу орындарының ішінде Құрылыс колледжінің өзіндік орны бар. Ғасырға жуық тарихы бар кәсіптік білім ошағынан осы уақытқа дейін мыңдаған шәкірт түлеп ұшты. Бүгінде олар әр салада еңбек етіп, еліміздің дамуына үлес қосып жүр.

**Жадыра ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
«Semei tanu»**

Өткен жылы колледж тарихында елеулі өзгерістер орын алды. Геодезия және картография колледжі Құрылыс колледжімен біріктіріліп, оқу орны Геодезия, картография және жоғары құрылыс колледжі деп аталды.

- Мемлекет басшысының жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру туралы бастамасы – қоғам үшін маңызды әрі өзекті қадам. Бұл тек экономика мен өндірісті дамытуға ғана емес, сонымен бірге жастардың мамандық таңдауға деген көзқарасын өзгертуге бағытталған. Еңбектің тері тамған жерде, берекенің дәні өседі. Өз саласына берік, ісіне адал азаматтардың еңбегін өлеп, құрметті арттыру – елдік мәселе. Сондай-ақ бұл бір жылдың шеңберіне сыйып кететін де мәселе емес. Үздіксіз жүргізілуі керек үрдіс ретінде қараған дұрыс деп ойлаймын. Біздің өңірде өмір жолы өнегеге толы еңбек адамдары аз емес. Бірі мамандығының майталманы атанып жүрсе, енді бірі мемлекеттік бағдарламаларды ұтымды пайдаланып, кәсіп ашып жатыр. Жұмысшы мамандықтары жылында қарапайым еңбек адамдарына жан-жақты қолдау көрсетіледі деп ойлаймын,- дейді колледж директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Арайлым Жәнібекқызы.

Бүгінгі күні Геодезия, картография және жоғары құрылыс колледждің екі корпусында 1200 студент білім алуда, 50 оқу тобы мемлекеттік тапсырыс негізінде даярланып жатыр, ал 5 топ сырттай бөлімде оқиды. Оқу орны «Геодезия және картография», «Дәнекерлеу ісі», «Жиһаз өндірісі», «Архитектура» және басқа да 14 сұранысқа ие мамандық бойынша мамандар даярлайды.

- 2024 жылдың 1 ақпанынан бастап Геодезия және картография колледжі Құрылыс колледжімен біріктірілді. Мұның оқу үрдісіне еш зияны болған жоқ. Керісінше, студенттер мен оқытушылардың, колледжде түсуге ынталды түлектердің саны көбейді. Мәселен, бұрын екі колледжде жылына оқуға 150-200 студент қабылданатын болса, 2024-2025 оқу жылында талапкерлердің қызығушылығы арта түсті. Биыл оқуға 600-ге жуық студент қабылданды. Және бұған дейін геодезия, картография мамандықтары бойынша оқуға тек 11-сыныптан кейін қабылданатын болса, қазір 9-сыныптан кейін де қабылдайтын болдық. Биыл бірінші курстың өзінде 20-дан артық топ ашылды. Яғни түлектердің қызығушылығы артып отыр. Бұл өз кезегінде жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру жолындағы үлкен қадамның бірі,- дейді директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Арайлым Жәнібекқызы.

Жаңа оқу жылында білім беру үдерісіне 235 қызметкер тартылған, олардың 114-і – педагогтер. Колледж заманауи оқыту тәсілдерін енгізіп, тәжірибелік дағдыларды дамытуға және еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін эксперименттік топтарды ашуды жалғастыруда. Оқу мерзімінің ұзақтығы - екі жыл он ай, яғни үш курс.

Арайлым Жәнібекқызының айтуынша, Жұмысшы мамандықтары жылына байланысты, колледжде тағы бір жұмысшы мамандығын - сызба жұмыстарын орындаушы – сәулетші мамандығын ашу жоспарланып отыр.



- Түлектеріміздің басым көпшілігі жұмысқа орналасады. Үшінші курста студенттеріміз кәсіпорындарда өндірістік тәжірибеден өткен кезде оларға кем дегенде жүз елу мың теңге еңбекақы төленеді. Дипломдарын алған соң түлектеріміздің көбі тәжірибеден өткен кәсіпорындарына жұмысқа орналасып жатады. Оқу орны екі жүзге тарта құрылыс компанияларымен байланыс орнатқан. Оның ішінде отандық кәсіпорындар ғана емес, Ресей, Татарстан, Қырғызстан мемлекеттерінің әр түрлі компаниялары бар. Колледж оқытушылары – білікті, тәжірибелі мамандар, - дейді Арайлым Жәнібекқызы. - Еліміздегі кәсіптік және техникалық білім беретін өзге де оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс істейміз. Мәселен, өткен жылдың қараша айының соңында Тәжікстан Республикасының астанасы Душанбе қаласының инженерлік-педагогикалық колледжімен, Алматы көлік-жол колледжімен, Алматы техникалық-құрылыс колледжімен ынтымақтастық туралы меморандумға отырдық.

Колледж студенттерінің жеткен жетістіктері де мақтануға тұрарлық. Білім алушылар жұмысшы мамандықтарына арналған WorldSkills чемпионатында жақсы нәтижелерге жетуде. Мәселен, өткен жылы Астана қаласында өткен IX Республикалық «WorldSkills Kazakhstan - 2024» чемпионатында

Геодезия, картография және құрылыс жоғары колледжі «Кірішпен қалау» құзыреттілігі бойынша II орынды, студенттер Әмір Қайырбеков пен Ерөн Ермағұл «Кескіндеме және сәндік-сылақ жұмыстары» құзыреттілігі бойынша, Арыстан Амантаев «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» құзыреттілігі бойынша «Үздік маман» медальонын жеңіп алыпты. Колледж студенттері халықаралық чемпионаттарда да топ жарып жүр.

Колледждің 300-400 орынға арналған жатақханасы бар. Онда студенттерге барлық жағдай жасалған. Әр қабатта асхана, жуынатын бөлме орналасқан.

Ел Президентінің биылғы жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялауы бекер емес. Елде құрылыс, су, энергетика сияқты салаларда маман тапшы. Сондықтан бұл мамандықтарға грант көбірек бөлініп, шет елдердің белгілі 23 университетінің филиалдары ашылып жатыр. Енді кәсіптік-техникалық білім беруге де көп көңіл бөлінетін болады. Мемлекет басшысы қаңтар айында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдарға мемлекеттік тапсырыс көлемі артатынын және биыл бюджеттен қосымша 22 миллиард теңге бөлінетінін айтты.

рын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады», – деп атап көрсетті Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында.

Сол тұрғыдан алғанда, Семей қаласындағы Электротехникалық колледждің өндірістік оқыту шебері Серікқазы Магавьяновтың өнегелі өмір жолын жастарға үлгі етуге өбден болады. Техникалық білім беру саласында 45 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан ұстаз талай білікті мамандарды түлетіп ұшырды. Бүгінде өзі ұстаздық етіп отырған оқу орнын 1972 жылы тамамдаған ол 1979 жылдан бері өндірістік мамандықтар бағытында шәкірт тәрбиелеуге бар ынтасымен ден қойған. Жылдар озған сайын заманауи әдістерді меңгеріп, модульдік оқыту технологияларын қолданысқа енгізу, интерактивті әдістерді пайдалану, тәжірибелік сабақтардың макеттер мен стендтер арқылы жандандыру сияқты жаңашылдықтарына әріптестері қызығушылықпен қарайды.

Тағы бір ерекшелігі - Серікқазы Магавьянов WorldSkills чемпионаттарына тұрақты қатысады, әрі осы байқаулардың жетекші сарапшысы. Білікті ұстаздың жетекшілігімен шәкірттері халықаралық, республикалық және облыстық деңгейдегі кәсіби шеберлік байқауларында жүлделі орындарға ие болды. Серікқазы Магавьяновтың ұстаздық жолындағы еңбегі ескеріліп, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасымен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Серікқазы Магавьяновтың ұстаздық жолы бүгінгі уақыт талап етіп отырған техникалық мамандарды даярлаудағы кәсіби шеберліктің жарқын үлгісі деуге өбден лайықты. Яғни, оның 45 жылдық ұстаздық жолы – сапалы білім мен терең тәжірибеге негізделген қажырлы еңбектің айқын көрінісі.

Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Абай облысының тұрғындарына сапасыз тауарлар мен қызметтер үшін 28,3 миллион теңге қайтарылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Абай облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Серікхан Нұртазин айтты.

28,3 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Өткен жылы Абай облысының сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне өңір тұрғындары тарапынан бірнеше рет тұтынушы құқығының бұзылуына қатысты шағымдар түскен. Олар сапасыз тауарларға, бағаның шектен тыс қымбаттығына және тауарлар туралы ақпараттың жетіспеушілігіне шағымданған. Өткен жылы аталған департаментке тұтынушы құқығының бұзылуына қатысты 1 035 шағым түсіпті.

- Көбінесе, түскен шағымдар бөлшек саудаға қатысты болды. Бөлшек саудаға қатысты 574 жағдай тіркеліп, тұтынушыларға 18 миллион теңге қайтарылды. Сондай-ақ тұрмыстық қызметтер бойынша да көп шағымдар келді. Өткен жылы 282 шағым түсіп, 6 миллион теңге қайтарылды. Ал электронды сауда мәселелеріне қатысты 96 шағым бойынша 1,8 миллион теңге қайтарылды, – деді Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Серікхан Нұртазин.

Спикердің айтуынша, ең жиі кездесетін мәселе - сатушылардың сапасыз тауарларды қайтып алудан бас тартуы және қызметтердің толық көлемде немесе белгіленген мерзімде көрсетілмеуі. Тұтынушылар шағымданған қызметтер қатарына жиһаз жасау, жөндеу, терезелер мен есіктерді орнату сынды жұмыстар да кіреді.

Департамент тарапынан өткен жылы сауда нысандарына 176 тексеру жүргізіліпті. 147 кәсіпкер әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 225,2 мың теңге көлемінде айыппұлдар салыныпты.

Облыста сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасын қадағалайтын өңірлік комиссия жұмыс істейді. 2024 жылы комиссия 104 отырыс өткізіп, негізгі тауарлардың бағасын қалыптастыру схемалары қаралған. Тағы бір маңызды жоба – «Сапалы өнім» бағдарламасы. Ол отандық өндірушілерді қолдауға және ішкі нарықты қорғауға бағытталған. Осы жоба аясында азық-түлік өнімдерінің сынақтары алынып, лабораториялық зерттеулердің нәтижесінде 33 бұзушылық анықталыпты. Оның ішінде таңбалаудың болмауы және жарамдылық мерзімі туралы ақпараттың сәйкессіздігі сияқты жағдайлар кездескен.

Сөзін қорытындылай келе, спикер тұрғындарды өз құқықтарын қорғауға шақырды.

- Егер сіздің құқығыңыз бұзылса, тауар сапасыз болып келсе немесе дұрыс қызмет көрсетілмесе, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы жоғары болып, бағалары көрсетілмеген жағдайда, Семей қаласы, Абай көшесі, 99 мекенжайында орналасқан сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жүгіне аласыздар,- деді Серікхан Нұртазин.

Абай облысының өңірлік коммуникациялар қызметі



МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ МАЙТАЛМАНЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялағаны белгілі. Ондағы мақсат – ұзақ жылдар бір салада еселі еңбек еткен адамдарды насихаттау, әсіресе кәсіптік білім беру бағытындағы мамандарды даярлау сапасын арттыру сияқты бүгінгі уақыт талабынан туындаған мәселелерді оңынан шешу.

«Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтар



Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасы аясында өткен жылы Абай облысына 530 адам көшіп келген, 310 адам өзге өңірлерден, 220 адам шет мемлекеттен қоныс аударған.

Аталған бағдарлама шеңберінде былтыр Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан және Алматы, Жетісу, Қызылорда, Жамбыл, Түркістан, Маңғыстау облыстарынан, сонымен қатар Қытай, Моңғолия, Түрікменстан, Өзбекстан және Ресей елдерінен облысымызға 188 отбасы көшіп келген. Барлығына бағдарлама аясында көмек көрсетіліпті.

- Мемлекеттік қолдау шаралары аясында 503 адамға көшу шығыстарын өтеу үшін бір реттік материалдық көмек көрсетіліп, 152 отбасының тұрғын үй жалдау және коммуналдық шығындары өтелді. 112 отбасыға тұрғын үй сатып алуға экономикалық ұтқырлық сертификаты берілді,- дейді Абай облысының еңбек мобилділігі орталығының директоры Еркебұлан Тұрсын.

Бүгінде Семей қаласында тұрып жатқан Асқлановтар отбасы аталған бағдарлама аясында Жамбыл облы-

сының Меркі ауданынан өткен жылдың тамызында көшіп келген. Жас отбасы мемлекеттің қолдауымен баспаналы болып үлгерген. Отағасы Руслан – бұрынғы әскери қызметкер, қазіргі таңда қаладағы колледждердің бірінде оқытушы. Жары Гүлнәзаттың мамандығы – қаржыгер. Қос бүлдіршіндері Шах-Нұр мен Ізбасар балабақшаға барып жүр.

- Тұрмысын түзеу мақсатында өзге өңірлерге қоныс аударуға ниетті жандарға жәрдемдесетін осындай бағдарламаның бары көңіл қуантады. Осында көшіп келуіміз үшін материалдық көмек берілді. Тұрғын үй сатып алуға экономикалық ұтқырлық сертификаты беріліп, баспаналы болдық. Мұндай қолдау шаралары жаңа ортаға тез бейімделуге мүмкіндік берді. Жұмысқа орналасу мәселесі де шешімін тауып, отбасымызбен жаңа өмір бастауымызға жағдай жасалды,- дейді Гүлнәзат Үмбеталиева.

Жаңа ортаға бейімделу оңай емес, әрине. Өңірге көшіп келген қандастар мен қоныс аударушылардың еңбекке араласып, жаңа жерге бейімделіп кетулері үшін мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі.

- Семейге көшіп келген ұлым мен



келінімнің жұмыс тауып, баспаналы болғандарына ана ретінде өте қуаныштымын. Мемлекет тарапынан барынша жағдай жасалды. Ендігі өмір-

лері өздеріне байланысты. Олардың болашағы жарқын боларына сенемін. Туған жерден жырақтап кету оңай емес, бірақ осындай қолдау барда,

жаңа өмір бастау әлдеқайда жеңілдейді, - дейді Русланның анасы Салтанат Жанасиянова.

Айта кетсек, көшіп келген отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (275 240 теңге) көлемінде бір реттік материалдық көмек беріледі. Сонымен қатар тұрғын үйді жалдау және коммуналдық қызметтер ақысы төленеді. Бұл ретте қалалық жерлерге қоныс аударғандарға бір адам үшін 20 АЕК, отбасында 2-4 адам болса, 25 АЕК, отбасы мүшелерінің саны бес және одан көп болған жағдайда, 30 АЕК төленеді. Ал ауылдық жерлерге көшіп келгендерге бір адам үшін 15 АЕК, отбасында 2-4 адам болса, 18 АЕК, отбасы мүшелерінің саны бес және одан көп болған жағдайда, 21 АЕК көлемінде жәрдемақы төленеді. Сондай-ақ олар, қажет болған жағдайда, техникалық және кәсіптік білім алу үшін оқытуға және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жіберіледі. Жұмысқа орналасуға және кәсіп бастауға қолдау көрсетіледі.

Аталған бағдарлама шеңберінде қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдаудың биылғы жылға арналған өңірлік квотасы 499 адам (244 қандас, 255 қоныс аударушы) деп бекітілді.

**Ш.СҰЛТАНМАХМУДОВА,
Абай облысы еңбек мобилділігі орталығының баспасөз хатшысы**

КӨШІ-ҚОН

530 АДАМ КӨШІП КЕЛДІ

ТЫЛСЫМҒА ТОЛЫ МЕКЕНДЕР



Қазақстанда сіз бен біз естімеген, аяқ басып көрмеген жерлер жетерлік. Кең-байтақ жазира даламыздың да өзіндік тылсым сырлары бар. Қазақстанның ең қауіпті жерлері мен құпияға толы мекендері туралы білесіз бе?

ӨЛІ КӨЛ

Талдықорған облысы Герасимовка ауылында 100 метрлік ені 60 метрді құрайтын өлі көл бар. Деректерге сүйенер болсақ, мұнда суға кеткен адам көлдің бетіне қалқып шықпай, көлдің түбінде тікесінен тұрып қалады екен. Жергілікті тұрғындар бұл жерді бірнеше шақырымнан айналып өтеді. Қыс мезгілінде су қатпайды, жазда су жылымайды. Су қысы-жазы суық болып тұрады. Сондай-ақ көлдің ішінде ештеңе еспейді. Балықтар тіршілік етпейді. Тіпті су асты жәндіктері де өмір сүрмейді. Ал жағасынан шыбын, маса секілді жәндік түрлерін кездестіре алмайсыз.

ӨНШІ ҚҰМ ТӨБЕСІ

Өнші құм төбесі - Алматы облысы Кербұлақ ауданы жеріндегі Іле өзенінің аңғарын бойлай орналасқан Үлкен Қалқан тауы және Кіші Қалқан тауы етегіндегі құмды төбе. Алматы қаласынан 250 шақырым

қашықтықта орналасқан. Биіктігі 150 метр, ұзындығы 8 шақырым болса, ені 3 шақырым. Өнші құм төбесі - еліміздегі ең мистикалық жер. Бұл құмды өнші құм деп атаудың себебі – бұл жерден реактивті ұшақтың дауысына ұқсайтын гүілдеген қатты дыбыс шығады. Уақыт өткен сайын оның дауысы күшейе береді. Дауыстың әсерінен жер де дірілдей бастайды. Бұл жер толық зерттелмеген. Құмның қалай, қайдан пайда болғандығы туралы да ешқандай мәлімет жоқ. Құмға жақын ауыл тұрғындарының айтуынша, құмның астында Шыңғыс ханның табылмаған зираты жатыр-мыс. Әрине, бұл жай ғана болжам немесе аңыз деп есептеуге болады. Өнші құм төбесі туралы естіген туристер бұл құмды көру үшін арнайы келеді.

КӨК КӨЛ

Жамбыл облысында орналасқан көк көлді сиқырлы су арнасы дейді. Бұл көлге ешқандай өзен келіп құмайды. Дегенмен көл таза әрі тұнық. Ежелгі Түркі аңыздарына сүйенер болсақ, көк көлдің түбі жоқ. Зертеушілер бұл көлдің түбін тексере алмаған. Аңыздарда көк көлде су айдаһары бар, өлкетанушы бұл көлде белгісіз мистикалық жануар бар екендігін зерттеп, растаған. Ол мұндай жануарды көлдің бетіне шыққанда көрген. Бақташылар мал бағып жүрген кезде ешқашан көрмеген үлкен жануар төбеде ұшып жүрген құстарды су түбіне алып кеткенін көргендерін айтқан. Кей кездерде су ішінде бір алып сиқырлы жануар жүзіп келе жатқандай көл беті дір қағып шымырлап, жұмбақты гүіл дыбысы шығады екен. Дәл осы кезде жергілікті тұрғындар көлдің суын алуға асығады. Олар осы мезетте судың шипалық қасиеті пайда болады деп сенеді.

ҮСТІРТ ШОҚЫСЫ

Каспий мен Арал теңіздерінің солтүстік бөлігінде құмды ауданда ежелгі дәуір адамдары мәдениетінің ізі қалған. Бұл жерден адамдар БҰҢ-дарды жиі байқайтын болған. Мысалы, 1974 жылдың жаз айында Үстіртте екі көліктегі отряд (жалпы 5 адам, олардың арасында Сидоров бар) аспанның батыс бөлігінен біртүрлі объектіні байқаған. Белгісіз объект батыстан шығысқа қарай жылжып бара жатқан. Алдымен, ұзындығы көкжиектің үштен бір бөлігіне тең үлкен қауыз пайда болған. Кейін қауыздың ішінде парашютке (немесе электр шамына) ұқсайтын дене пайда болған. Парашют ай секілді жап-жарық болып тұрған. Объект көкжиекке кірместен көзден ғайып болған. Мұны көргендер қатты шошынып, 20 минут бойы қозғалмастан бақылаған.



ҚҚС мөлшерлемесінің өсуі көбінесе тауарлар бағасының күрт көтерілуіне әсер етеді. Алайда елімізде олай болуы мүмкін бе? Жауап - тұтынушылар үшін бағаның айтарлықтай өсуі қауіпті бағынша төмен. Себебін түсіндірейік.

ҚҚС шегін төмендету бағаның өсуін теңестіруге көмектеседі. ҚҚС төлеуші компаниялар өздері сияқты басқа ҚҚС төлеушілермен жұмыс істеуді көздейді, өйткені бұл оларға бюджетке төленетін салық сомасын азайтуға мүмкіндік береді. Егер ҚҚС төлеуші компания басқа ҚҚС төлеушіден тауар немесе қызмет сатып алса, ол төленген ҚҚС-ты есепке ала алады, нәтижесінде оның салықтық жүктемесі азаяды. Осылайша, ҚҚС төлеушілер арасындағы жүктеменің бөлінуі бағаға деген қысымды азайтады. Еңбекақы қорына түсетін жүктемені азайту арқылы теңгерім сақталады.

Үкімет ҚҚС мөлшерлемесінің өсу ықпалын азайту үшін еңбекақы қорына түсетін жүктемені төмендетуді жоспарлап отыр. Бұл шамамен тауар бағасының 40%-ын құрайды. Еңбекақы қорына түсетін жүктеменің азаюы бағаның қымбаттау қаупін төмендетеді.

Ауыл шаруашылығы саласындағы салықтық жеңілдіктер сақталады

Қазір елімізде түрлі салаларға арналған салықтық ынталандырулар бар және олардың көбі өзгеріссіз қалады. Мәселен, ауыл шаруашылығы саласындағы жеңілдіктер сақталады, бұл отандық азық-түлік бағасының қатты қымбаттауына жол бермейді.

Осылайша ҚҚС мөлшерлемесінің болжамды өсуінің әсері жеңілдететін факторлармен өтеді, сондықтан бұл жалпы бағаның едәуір өсуіне әсер етпеуі тиіс.

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялай отырып: «Бұл – еңбек адамдарына деген ерекше құрметтің белгісі. Біз отаншылдық, еңбекқорлық және біліктілікке айрықша мән береміз. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», - деді. Иә, адам үшін нағыз қазына – еңбек ете білу.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Қоғамдағы еңбек адамының мерейін өсіріп, ынталандыру үшін қолға алынған бұл бастама жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыруға, жастарды осы салаға тартуға және еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға бағытталған. Осы орайда еңбек адамдарын жас буынға үлгі ету, мектеп бітіргелі отырған түлектерге мамандық таңдауда бағыт-бағдар беру мақсатында Быхин атындағы жалпы білім беретін орта мектепте «Мамандық: менің болашағымның таңдауы» тақырыбында кездесу өтті. Кездесуге ауылымыздың заман ағысына сай дамып, өркендеуіне адал еңбегімен үлес қосып жүрген кәсіп иелері - ауылдық амбулаторияның бас дәрігері Алтынай Саятқызы, кітапханашы Гүлжан Саменқызы, ұстаздар Мөлдір Айтбекқызы мен Айгерім Қайнарбекқызы және жас маман Ұлпан Қыдырбекқызы шақырылды.

Іс-шара барысында кәсіптік бағдар беруші Перизат Рақымбайқызы адам өз ісінің шебері болып, табысқа жету үшін мамандықты дұрыс таңдау керектігін айтып өтіп, оқушыларға жұмысшы мамандықтары туралы ақпарат берді. Осыдан соң «Адам мамандық таңдаған кезде нені басшылыққа алуы керек? Жақсы маман болу үшін не істеу керек?», «Болашақта қандай мамандықтарға сұраныс артады?» деген сұрақтар төңірегінде әңгіме өрбіді.

- Мектепте, отбасында дұрыс бағыт-бағдар берілмеген соң қайда барарын, кім боларын білмей жүрген жастар көп. Оқушыларға жұмысшы кәсібі болашақтың мамандықтары екенін түсіндіру керек. Бұл маңызды іске үйде ата-ана, мектепте мұғалімдер атсалысуы қажет. Осындай кездесулердің де пайдасы зор деп білемін. Мамандық таңдау кезінде өзінің қабілетінді, қызығушылықтарыңды, мамандыққа сұранысты да ескеру керек. Мамандығың өзіңе ұнайтын болса, жұмыс істеу де жеңіл болады. Таңдаған кәсібің сұранысқа ие болса, жұмыс табу да оңай. Ал болашақта жұмысшы мамандықтарына сұраныс артады деп отыр. Осы жағын да есте ұстау керек, - деді Алтынай Саятқызы.

Басқа да қонақтар өз ойларын ортаға салып, мамандық таңдауға қатысты ақыл-кеңестерін айтты.

Оқушылар «Психогейметрия» - өзін-өзі тану, «Кім жылдам?» ойындарына белсене қатысты.

Қорытынды сөзінде Перизат Рақымбайқызы мамандық таңдауға үлкен жауапкершілікпен қарау керектігін айтып, оқушылардың ой-пікірін тыңдады.

Г.ЕРЕЖЕПОВА,

Алғабас ауылдық кітапханасының кітапханашысы



2024 жылы «БЖЗК» АҚ-ның негізгі көрсеткіштері барлық бағыттар бойынша оң нәтиже берді.

Отандастарымыздың шоттарына түсетін жарналардан және инвестициялық кірістерден жинақталған зейнетақы жинақтарының көлемі 01.01.2025 жылға шамамен 22,80 трлн теңгеге жетті. Жыл ішінде 4,93 трлн теңгеге, немесе 27,6% артты.

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары 2025 жылғы 1 қаңтарға - шамамен 21,88 трлн теңге, бір жылда 26,5% ұлғайды.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы - шамамен 653,77 млрд теңге, жыл ішінде 15% өсім көрсетті.

Бір жылдағы өң үлкен өсімді (50,3%), 2024 жылдың қорытындысы бойынша шамамен 7,94 млрд теңге көлеміне жеткен ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар паш етті.

2024 жыл ішінде салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсіп отырды. 2024 жылы ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы 258,15 млрд теңгеден асты.

Түсімдер Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. Бұл ретте салымшылардың

жеке және шартты шоттарына есепті жыл ішінде түскен зейнетақы жарналарының мөлшері 2,79 трлн теңгеге жуық. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 29 % артық. Жарналардың барлық түрлері оң сипатқа ие: МЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) жыл бойына 2,44 трлн аса теңге түсті (2023 жылмен салыстырғанда МЗЖ көлемі 18,3% артты), МКЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ға 113,6 млрд теңге (өсім 18,9%), ЕЗЖ бойынша жылдық жарна мөлшері – 3,07 млрд теңге (өсім 32,50%) жиналды. ЖМЗЖ көлемі – шамамен 231,24 млрд теңге.

2024 жылға есептелген инвестициялық кіріс 3,4 трлн теңге болды. Оның көлемі өткен жылмен салыстырғанда 1,8 трлн-ға жуық теңгеге немесе 114,5% өсті.

Төлемдер мен аударымдар 2024 жыл ішінде БЖЗК-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар түріндегі шығыс ағындары 1,32 трлн теңгеден асты. Бұл былтырғы жылдағы төлемдер көлемінен 2,24 есе (немесе шамамен 732,56 млрд теңгеге) көп.

Төлемдердің басым бөлігі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінің (БЗТ) еншісінде – шамамен 609,89 млрд теңге. Баламалы мақсаттарға берілген төлемдер көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 2 еседен аса мөлшерге ұлғайды.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер жыл бойына 35,64% ұлғайып, шамамен 204,22 млрд теңгеге жетті. БЖЗК-дан зейнет жасына толуына бай-

ланысты берілетін орташа айлық төлем - 33 906 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғарғы сомасы - 945 752 теңге болды.

Былытырғы жылы, сондай-ақ, мұрагерлік бойынша төлемдер – 61,6 млрд аса теңге, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – 40,57 млрд аса теңге, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – 3,07 млрд аса теңге, жерлеуге төлемдер – шамамен 9,96 млрд теңге көлемінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына 394,54 млрд теңгеден астам қаржы аударылды.

ЖЗШ саны 2025 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша БЖЗК-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны - 17,18 млн. бірлік (жыл бойғы өсім - 4,85 млн аса бірлік немесе 39,4%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗК-дағы ЖЗШ саны 2025 жылдың 1 қаңтарына 12,50 млн бірліктен асты. Оның ішінде: 11,15 млн астамы - МЗЖ бойынша, шамамен 715,52 мың - МКЗЖ бойынша, 439,58 мыңы - ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Ал БЖЗК-дағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - 4,67 млн бірліктен асты.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер enrf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде орналастырылған.

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы

ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылғы 12 наурызда, сағат 11.00-де Абай атындағы облыстық кітапхананың залында (Абай Құнанбаев көшесі, 86, 2-қабат) Семей қаласы мәслихатының тұрақты комиссияларында Селевин көшесінің атауын Құнанбай Өскенбайұлы көшесіне, Уралская көшесінің атауын Ақшоқы көшесіне, Волгоградский көшесінің атауын Кеңгірбай Жандосұлы көшесіне, Менжинский көшесінің атауын Әнуарбек Байжанбаев көшесіне, Фурманов көшесінің атауын Жұмат Шанин көшесіне, Трусков көшесінің атауын Рақымжан Қошқарбаев көшесіне, Первомайская көшесінің атауын Дулат Бабатайұлы көшесіне, Пархоменко көшесінің атауын Сағадат Нұрмағамбетов көшесіне, Крестьянская көшесінің атауын Саятқора көшесіне, Советская көшесінің атауын Аршалы көшесіне, Энгельс көшесінің атауын Жерұйық көшесіне және Чапаев көшесін атауын Ордалы көшесіне өзгерту туралы көпшілік тыңдаулар өткізіледі.

Қалалық мәслихат аппараты

Ғибратты сөздер

- Ашу ақылсыздықпен басталып, өкінумен аяқталады.
- Өмірдің ащысын көп татқан адам тәттінің қадірін біледі.
- Ертенгі жетістік бүгінгі қиындықтар мен қолайсыздықтарға негізделген.
- Қиындық көрмеген адам бақыттың не екенін білмейді.
- Алдында мақсат қой, сол мақсатқа жету үшін күресе біл.
- Өміріңнің сапасына өзің жауаптысың!
- Өзгенің қателігін сынаған өзіңіңің байқалмайды.
- Өзгені төмендеткеннен өзің биік боп қалмайсың.
- Бәрін түсіндіруге болады, бірақ бәріне емес.
- Сізге өсек айтқан адам сіз туралы да есек айтады.
- Ақылды адам біреудің кем-кетігін өзі түзеп жүреді, Ақымақтар біреудің кем-кетігін жіпке тізіп жүреді.
- Адам біреуге риза болса, кемшілігін көрмейді, Беріуге реңкісе, жақсылығын көрмейді.
- Біреулер уақытты жеткізе алмайды, Біреулер уақытты өткізе алмайды.
- Адамның көңіліне қарап сөйлеу - адамгершілік белгісі.

Материалдар ғаламтор беттерінен алынды

Газет 1917 жылдың 17 маусымынан жарық көре бастады

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор - бас редактор
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА
Редактордың орынбасары - жауапты хатшы
Роза ПУШПАҚОВА

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ66ВР00061115, 12.12.2022 ж.

Газет «ABAY AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылды.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді. Алғашқы үш рет - сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Меншікті тілшілеріміз: Бороудлихад - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20555



Кезекші редактор Жадыра ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ